

Өнеркәсіптік қопарғыш материалдардың экспорты мен импорты туралы Ережені бекіту жайында

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 11 тамыз 1993 ж. N 691. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 шілдедегі N 763 ~P020763 қаулысымен.

Өнеркәсіптік қопарғыш материалдардың экспорты мен импортына мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Осыған қосылған Өнеркәсіптік қопарғыш материалдардың экспорты мен импорты туралы Ереже бекітілсін.
2. "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясының "Қазаққопаруөнеркәсібі" мемлекеттік мамандандырылған бірлестігіне өнеркәсіптік қопарғыш материалдардың экспорты мен импортына бақылау жасау қ ұ қ ы ғ ы б е р і л с і н .
3. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қазаққопаруөнеркәсібі" мемлекеттік мамандандырылған бірлестігімен бірлесе отырып, бір ай мерзім ішінде республика аумағында қопару жұмысын жүргізетін субъектілердің шаруашылық қызметінің өнеркәсіптік қопарғыш материалдардың түсуі, жұмсалуды және олардың қалдығы жөніндегі есеп беру нысанын әзірлейтін болсын.
4. "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен және басқа мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп бір айлық мерзімде осы қаулыдан туындайтын өзгерістер мен толықтыруларды қолданылып жүрген нормативті актілерге енгізу туралы ұсыныстарды әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 11 тамыздағы
N 691 қаулысымен
бекітілген

Өнеркәсіптік қопарғыш материалдардың
экспорты мен импорты туралы
ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже кәсіпорындардың өнеркәсіп мұқтаждарына пайдаланылатын қопарғыш материалдардың экспорты мен импортының тәртібін анықтайды.

Ереже осы Ережеге қосымшада көрсетілген қопарғыш материалдардың тізбесіне қолданылады.

2. Өнеркәсіптік қопарғыш материалдардың экспорты, қайыра экспорты мен импорты Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі беретін лицензияларға орай, "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясының "Қазаққопаруөнеркәсібі"* мемлекеттік мамандандырылған бірлестігінің келісуі бойынша және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдері негізінде жүзеге асырылады. Бұдан былай - "Қазаққопаруөнеркәсібі" бірлестігі.

3. "Қазаққопаруөнеркәсібі" бірлестігіне қопарғыш материалдардың номенклатурасы мен мөлшері ескеріле отырып бас лицензия бөлінеді.

4. "Қазаққопаруөнеркәсібі" бірлестігі қопарғыш материалдардың сәйкестік сертификаты және субъектінің Қопару жұмыстары кезіндегі бірыңғай қауіпсіздік ережелерінің талаптарын сақтау қамтамасыз етілуін ескере отырып, тиісті қызметтер берген өнеркәсіптік қопарғыш материалдарды пайдаланып шаруашылық қызметін атқару құқығын растайтын құжаттар болған жағдайда аталған өнімнің экспортына, қайыра экспорты мен импортына арналған лицензиялар беруді келісіп алады.

5. Өнеркәсіптік қопарғыш материалдардың экспортына, қайыра экспорты мен импортына арналған лицензияларды алған жеке адамдар мен заңды ұйымдар жөнелтілген қопарғыш материалдардың мерзімі, олардың мөлшері және номенклатурасы туралы "Қазаққопаруөнеркәсібі" бірлестігіне мәлімет табыс етуге тиіс.

6. Бұл талаптар бұзылған жағдайда лицензия жойылады, ал кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

7. Өнеркәсіптік қопарғыш материалдардың экспортын, қайыра экспорты мен импортын реттеудің осы Ережені қолдануға жатпайтын мәселелерін мүдделі мемлекеттік органдардың "Қазаққопаруөнеркәсібі" бірлестігімен келіскен ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті шешеді.

Қ о с ы м ш а

Республика кәсіпорындарының өнеркәсіптік мұқтаждарына
пайдаланылатын қопарғыш заттардың, қопару
құралдарының және пиротехникалық бұйымдардың
Т І З Б Е С І

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК